1-тақырып. **«Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар» пәніне кіріспе. ҚР-дағы Азаматтық қорғаныс жүйесі.**

Тақырып бойынша сұрақтар:

1. «Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар» пәніне кіріспе. Негізгі түсініктер мен ұғымдар.
2. Азаматтық қорғаныс жүйесінің құрылымы мен рөлі.
3. ҚР-ның ТЖ комитетінің рөлі, негізгі ұйымдастырылу құрылысы.

**Азаматтық қорғаныс** (АҚ) – Қазақстан Республикасының халқы мен аумағын қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың зақымдау (қирату) факторларының әсерінен, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау жөнінде бейбіт уақытта және соғыс уақытында жүргізілетін жалпымемлекеттік іс-шаралар кешенін іске асыруға арналған азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі.

**Төтенше жағдай** (ТЖ) – адам шығынына, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге, елеулі материалдық нұқсанға және адамдардың тіршілік жағдайларының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан аварияның, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің, қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың немесе өзге де зілзаланың салдарынан қалыптасқан белгілі бір аумақтағы жағдай.

**«Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар»** пәннің **мақсаты:**

«Бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламасының білім алушыларда қауіпсіз тіршілік етуге, төтенше жағдайларды алдын-ала болжап олардың зақымдаушы салдарынан қорғауға және барлық қорғаныш шараларын тиімді пайдалануға қажетті дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Пәннің **негізгі міндеттері:**

- азаматтық қорғаныс жүйесінің құрылымы мен рөлімен таныстыру;
- бейбіт уақытта және соғыс уақытындағы төтенше жағдайлар аймақтарында шұғыл атқарылатын жұмыстардың мақсаттары мен міндеттері және жүргізілу ерекшеліктерін қарастыру;
- ұжымдық, жеке және медициналық қорғаныс құралдарын пайдаланудың қажетті дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің **оқыту нәтижелері:**

- Білім алушылар бейбіт уақытта және соғыс уақытындағы төтенше жағдайлар кезінде халықты қорғау шараларын ұйымдастыруды меңгереді;
- төтенше жағдайлардың зақымдану ошағында халықтың іс-әрекеті және жүріс-тұрыс қағидаларын түсінеді;
- төтенше жағдайларға байланысты жарақат, өткір ауру және улану кезіндегі алғашқы медициналық көмек көрсету әдістерін меңгереді;
- төтенше жағдайлардың салдарын жою кезіндегі құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды ұйымдастыру мен іске асыруды біледі;
- бейбіт уақытта және соғыс уақытындағы төтенше жағдайлардың әсерін ескерту мен салдарын жоюды үйренеді.

**Құзыреттіліктері:** Білім алушы бейбіт уақытта және соғыс уақытындағы төтенше жағдайлар аймақтарында шұғыл атқарылатын жұмыстардың жүргізілу ерекшеліктерін біліп халықты қорғау шараларын ұйымдастыру мен іске асыруға; төтенше жағдайларды алдын-ала болжауға, сондай-ақ олардың зақымдаушы салдарынан қорғау тәсілдерін тиімді пайдалануға қажетті дағдыларды меңгереді.

АҚ-ты ұйымдастыру және жүргізу тәртібі **«Азаматтық қорғау туралы»** 2014 жылғы 11 сәуірдегі ҚР Заңымен белгілінген.

*Азаматтық қорғау* - өрт қауіпсіздігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру, сақтау және пайдалану жөніндегі іс-шараларды қамтитын, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алуға және оларды жоюға, азаматтық қорғанысты

ұйымдастыруға және жүргізуге, төтенше жағдай аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетуге бағытталған, бейбіт уақытта және соғыс уақытында жүргізілетін жалпымемлекеттік іс-шаралар кешені.

Азаматтық қорғанысқа басшылықты Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі жүзеге асырады, ол лауазымы бойынша ҚР азаматтық қорғаныс бастығы болып табылады. Уәкілетті орган (ІІМ ТЖ комитеті) басшысы лауазымы бойынша ҚР азаматтық қорғаныс бастығының орынбасары болып табылады және бейбіт уақытта азаматтық қорғанысқа басшылық етеді.

«Баршаның назарына!» құлақтандыру сигналы - төтенше жағдайлар туындау қатері төнген немесе туындаған кезде халықтың назарын аудару үшін дабылдамалар немесе басқа да сигнал беру құралдары арқылы берілетін құлақтандырудың бірыңғай сигналы. Сигнал барлық ұялы байланыс желілері мен радио- және теле арналары бойынша бейне, мәтіндік және сөйлеу хабарламаларын беру жолымен, сондай-ақ дауыс зорайтқыш көмегімен жүзеге асырылады.

Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік «112 » қызметі - төтенше жағдайдың туындау алғышарттары немесе туындауы, өрт, адамдардың өміріне төнген қатер мен денсаулығына зиян келтіру қатері туралы және өз құзыреті шегінде шұғыл қызметтердің ден қою жөніндегі іс-қимылдарын кейіннен үйлестіре отырып шұғыл көмек шараларын қолдануды қажет ететін өзге де жағдайлар туралы жеке және заңды тұлғалардан келіп түсетін хабарламаларды қабылдау және өңдеу қызметі.

Авария – ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) техникалық құрылғылардың қирауы, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттардың шығарындысы.

Авариялық-құтқару жұмыстары – адамдарды, материалдық және мәдени құндылықтарды іздеу және құтқару, төтенше жағдай аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету, төтенше жағдай аймағында және әскери іс-қимылдар жүргізу кезінде қоршаған ортаны қорғау, оларға тән қауіпті факторлардың әсерін оқшаулау және басу немесе ең төменгі мүмкін болатын деңгейге дейін жеткізу жөніндегі іс-қимылдар.

Авариялық-құтқару құралымы – авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге арналған дербес немесе аттестатталған авариялық-құтқару қызметінің құрамына кіретін азаматтық қорғау күштерінің ұйымдық-құрылымдық бірлігі.

Авариялық-құтқару қызметі – бірыңғай жүйеге функционалдық біріктірілген, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі міндеттерді шешуге арналған, азаматтық қорғаудың ұйымдық-біріктірілген басқару органдарының, авариялық-құтқару құралымдары мен құралдарының жиынтығы.

Азаматтық қорғаудың арнайы іс-шаралары – азаматтық қорғау қызметтерінің Қазақстан Республикасының халқын, объектілері мен аумағын төтенше жағдайлар мен әскери қақтығыстар кезінде немесе осы қақтығыстар салдарынан туындайтын қауіптерден қорғауға бағытталған, жұмыстарды инженерлік, радиациялық, химиялық, медициналық, өртке қарсы, көліктік, материалдық-техникалық, гидрометеорологиялық және өзге де қамтамасыз ету бойынша күні бұрын немесе жедел іс-қимыл жасауы.

Азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесі – халыққа және мемлекеттік органдарға адамдардың өмірі мен денсаулығына төнген қатер туралы, қалыптасқан жағдайда әрекет ету тәртібі туралы хабар беруді қамтамасыз ететін бағдарламалық және техникалық құралдар жиынтығы.

Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі – Қазақстан Республикасының халқын, объектілері мен аумағын төтенше жағдайлар мен әскери қақтығыстар кезінде немесе осы қақтығыстар салдарынан туындайтын қауіптерден қорғау жөніндегі жалпымемлекеттік іс-шаралар кешенін іске асыруға арналған, азаматтық қорғаудың басқару органдарының, күштері мен құралдарының жиынтығы.

Азаматтық қорғау күштері – азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдері, аварияләық-құтқару қызметтері мен құралымдары, мемлекеттік және мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет бөлімшелері, азаматтық қорғау құралымдары, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның авиациясы, жағдайды байқау, бақылау және болжау қызметтері.

Қазіргі заманғы зақымдаушы құралдар – зақымдаушы (қирату) факторлары адамдарды, жануарлар мен өсімдіктерді зақымдауға, объектілерді бүлдіруге немесе қиратуға, қайталама зақымдау факторларының пайда болуына есептелген, жаппай қырып-жою қаруын және қарапайым зақымдаушы құралдарды, оның ішінде зымырандық, авиациялық және атыс қаруын қамтитын құрылғылар мен құралдар.

Құтқарушы – аварияләық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арнайы даярлықтан өткен және аттестатталған (қайта аттестатталған) жеке тұлға.

Төтенше жағдай аймағы – төтенше жағдай қалыптасқан аумақ.

Төтенше жағдайларды жою – аварияләық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу.

Төтенше жағдайлардың алдын алу – күні бұрын жүргізілетін және төтенше жағдайлардың туындау тәуекелін мүмкіндігінше барынша азайтуға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауға, олар туындаған жағдайда материалдық шығындардың мөлшерін азайтуға бағытталған іс-шаралар кешені.